

**Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінде 2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2021 жылғы 11 қарашадағы № 9/135-VII шешімі

Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 3 - тармағымен.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 15-бабының 1-тармағының 2-1)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 1)-тармақшасына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінде 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жолдансын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

M. Оспанбаев

Жарма аудандық мәслихатының

2021 жылғы 11 қарашадағы

№ 9/135-VII шешіміне

қосымша

Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінде 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары

Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінде 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі осы жоспар (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қагидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бүйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайлымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" 2015 жылғы 14

сәуірдегі № 3-3/332 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызыбау мақсатында, жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтерді, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді, жеке және занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректерді, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерді, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктерін, малды айдан өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтерді, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректерді ескере отырып қабылданды.

Жоспар:

- 1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Шалабай ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (Жоспарға 1 қосымша);
- 2) жайылым айналымдарының қолайлы схемаларын (Жоспарға 2 қосымша);
- 3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картаны (Жоспарға 3 қосымша);
- 4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (Жоспарға 4 қосымша);
- 5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (Жоспарға 5 қосымша);
- 6) ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасын (Жоспарға 6 қосымша);
- 7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графикті (Жоспарға 7 қосымша) қамтиды.

Шалабай ауылдық округі экологиялық-географиялық орналасу ерекшелігіне байланысты далалы, оның ішінде құрғақ далалы аймақта орналасқан. Климаты орташа-құрғақ, орташа ыстық, жылдық орташа жауын-шашыны 360-390 мм. Ая температурасы ең төменгі -45, ең жоғарғы +40. Орташа жылдық температурасы +10.

Салыстырмалы ылғалдылығы 68%. Оңтүстік-шығыс және солтүстік-батыс бағыттағы желдер басым, орташа жылдық жылдамдығы 2,7 м/сек.

Топырақ жамылғысы ашық қызылт және қою қызыл қоңыр топырақ. Кейбір жерлерде шамалы оңтүстік қара топырақ таралған.

Бедердің учаскелерінде шөптердің әр түрлілігі байқалады: қазтабан, қызылбояу, қандышөп, мия және т.б. Сортаң топырақтың таратылуына байланысты, өсімдік жамылғысы елеулі теңбіл болып сипатталады. Сортаң топырақтың теңбілінің негізгі компоненті қара жусан, кейде бұйырғын, камфоросма, қотыр көкпек болып табылады. Жобалық жамылғы 10-20% аспайды.

Жайылымдардың ішінде көделі - бетегелі бұталанған жусанды жайылымдар типі басым келеді. Жайылым кезеңінің орташа ұзақтығы 210-230 қүнді құрайды.

Округте барлығы 7 ветеринариялық-санитариялық объектілер жұмыс істейді, соның ішінде:

Мал сою алаңдары	Жасанды ұрықтандыру пунктілері	М а л корымдары	Сібір жарасы көмінділері	Ветеринариялық пунктілер
2	-	1	4	-

2021 жылғы 1 қаңтар жағдайына округтегі жеке және занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны келесіні құрады:

Атауы	Саны	Ірі қара мал	оның ішінде аналық бас:	Қой мен ешкілер	оның ішінде аналық бас:	Жылқы-лар	оның ішінде аналық бас:
Жеке тұлғалар (ӨКШ)	122	942	463	983	816	338	93
Ш а р у а қожалықтары	17	780	449	816	628	431	202
Занды тұлғалар	1	2 130	1 002	600	528	616	207

Округ аумағында ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны:

Табындар (Ірі қара мал)	Отарлар (қой мен ешкілер)	Үйірлер (жылқылар)
3	2	-

Ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымдармен қамтамасыз ету үшін округ аумағында барлығы – 89 948,0 гектар жер жайылымдық алқап бар, оның ішінде жер санаттары бөлінісінде:

№ п/н	Жерлер санаты	Барлығы , га	оның ішінде жайылым алқаптары:
1.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	59 927,0	49 046,9
2.	Елді мекендер жерлері	9 825,0	9 355,0
3.	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	1 465,3	27,1
4.	Босалқы жерлер	39 337,0	31 519,0

5. Өзге жерлер (ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман, су қорларының 12,9 жерлері)

Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15 бабының 1 тармағына сәйкес, кенттердің және ауылдық елді мекендердің аумағы шегінде орналасқан, мемлекет меншігіндегі жайылымдар жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстau бойынша мұқтажын қанағаттандыру үшін беріледі.

Жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстau бойынша жайылымдарға қажеттілік келесі кестеде берілген:

Саны	Ауыл шаруашылығы жануарларының 1 басына арналған жайылым алаңының шекті нормасы	Жайылымдарға қажеттілік, га
Iрі қара мал	463	9,5
Кой мен ешкілер	816	1,9
Жылқылар	93	11,4
Барлығы:	1 372	7 009,1

Жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстau бойынша жайылымдарға қалыптасқан қажеттілікті округ шегінде бар жайылымдық алқаптар есебінен толықтыру қажет:

Толықтыру:		Aуытқу, га (" - " жетіспеушілік , "+" артық)
Жайылымдарға қажеттілік, га	Округтің елді мекендер жері құрамындағы жайылымдық алқаптар есебінен, га	Округтің босалқы жерлері құрамындағы жайылымдық алқаптар есебінен, га
7 009,1	9 355,0	31 519,0
		33 864,9

Жергілікті тұрғындардың басқа ауыл шаруашылық жануарларын жаю үшін жайылымдарға қажеттілік келесі кестеде берілген:

Саны	Ауыл шаруашылығы жануарларының 1 басына арналған жайылым алаңының шекті нормасы	Жайылымдарға қажеттілік, га
Iрі қара мал	479	9,5
Кой мен ешкілер	167	1,9
Жылқылар	245	11,4
Барлығы:	891	7 660,8

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жайылымдарға мұқтажын қанағаттандыру:


Толықтыру:		Aуытқу, га (" - " жетіспеушілік , "+" артық)
Жайылымдарға қажеттілік, га	Округтің елді мекендер жері құрамындағы жайылымдық алқаптар есебінен, га	Округтің босалқы жерлері құрамындағы жайылымдық алқаптар есебінен, га
7 660,8	2 345,9	31 519,0
		26 204,1

Округ аумағында жайылымдардың артықшылығы 26 204,1 гектарды құрайды. Жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау үшін жайылымдарға қажеттілік жоқ.

Жайылымдарды ұтымды пайдалану мақсатында алдағы уақытта жайылым пайдаланушылар арасында жайылымдарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, түсіндіру жұмыстарын қүшетту қажет, сондай-ақ пайдаланылмай жатқан, ұтымды пайдаланылмай жатқан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерлерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару жөніндегі тиісті шаралар қабылдау қажет.

Жарма ауданы Шалабай
ауылдық
округінде 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарға 1 қосымша

Күкүйек белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Шалабай ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) масштаб 1: 300 000




Шартты белгілер:

- Ауылдық округ шекарасы
- Елді мекен шекарасы
- Ресімделген жер участкесінің шекарасы

Жарма ауданы Шалабай
ауылдық
округінде 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды

басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 2 косымша

Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінің жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары
масштаб 1: 300 000




Шартты белгілер:

- Ауылдық округ шекарасы
- Жайылым айналымдарының қолайлыш схемасы
- Елді мекен шекарасы
- Ресімделген жер участкесінің шекарасы

Жарма ауданы Шалабай
ауылдық
округінде 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарға 3 қосымша

Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінің жайылымдарының, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы масштаб 1: 300 000



Шартты белгілер:



Ауылдық округ шекарасы




Жайылым айналымдарынын қолайлы схемасы

- Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері

Жарма ауданы Шалабай
ауылдық
округінде 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарға 4 косымша

Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінің жайылым пайдаланушыларының су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы масштаб 1: 300 000




Шартты белгілер:

- Ауылдық округ шекарасы
- Жайылым айналымдарының қолайлыш схемасы
 - Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері
 - ➡ Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізуі

Жарма ауданы Шалабай
ауылдық
округінде 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарға 5 қосымша

Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінің жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғаларының ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы масштаб 1 : 300 000




Шартты белгілер:

- Ауылдық округ шекарасы
- Жайылым айналымдарының қолайлы схемасы
- Елді мекен шекарасы
- Ресімделген жер участкесінің шекарасы
- Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу схемасы

Жарма ауданы Шалабай
ауылдық
округінде 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды

басқару
және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарға 6 қосымша

Жарма ауданы Шалабай ауылдық округінің маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы масштаб 1: 300 000



Шартты белгілер:

- Ауылдық округ шекарасы
- Жайылым айналымдарының қолайлы схемасы
- Елді мекен шекарасы
- Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы

Жарма ауданы Шалабай
ауылдық округінде 2022-2023
жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарға 7 қосымша

Жарма ауданы Шалабай ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюодың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік график

Округ атауы	Жануарларды шалғайдағы жайылымдарға айдау мерзімі	Шалғайдағы жайылымдардан жануарларды қайтару мерзімі
Шалабай	сәуір - мамыр	қыркүйек - қазан